


Құрметті әріптестер, жергілікті жерлерде жауаптар ресми жауаптардан өзгеше болуы мүмкін, егер даулы жауап болса, онда түпкі шешімді жергілікті ұйымдастыру комитетінде шығарады.

Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар

### ОТВЕТЫ ДЛЯ 9 КЛАССА

#### А бөлімі. Мұздықтар

1. Мұздықтар мен Жердегі мұзбен байланысты процестерді қандай ғылым зерттейді? [1]  
Гляциология
2. Мұздық ішіндегі мұз қозғалысының жылдамдығына қандай факторлар әсер етеді? 3 факторды атаңыз [1.5]  
Аталған факторлардың үшеуі: температура, беткейдің еңісі, кедергілер және қысым.
3. Мұздықтар маңайдағы рельефтің қалыптасуына қалай әсер етеді? [1]  
Мұздықтар қозғалуы мен еруіне байланысты маңайдағы аумақтарда аңғарларды, көлдерді және басқа географиялық нысандарды құрайды.  
Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар
4. Тау мұздығының қоректенуі мен құрылымының сызбасындағы сандарды атаулармен сәйкестендіріп, кестеде көрсетіңіз: [3.5]



Атаулар	Сандар
Трог	4
Карлар	1
Цирктер	2
Мұздықтардың қоректену аймақтары	3
Донная морена	7
Срединная морена	5
Боковая морена	6

5. Сіздерге мұздықтар туралы мәлімдемелер берілді. Өрбір мәлімдеме үшін «Шындық/Өтірік» нұсқасын таңдаңыз: [3]

	Мәлімдеме	Нұсқа
1	Мұздықтар тек төмен қарай жылжи алады	Өтірік
2	Мұздық жарықтары тек мұздың қысылуы нәтижесінде пайда болады	Өтірік
3	Фирн – қатты, толық емес метаморфизмге ұшыраған қар, мұздықтағы қар мен мұз арасындағы кезең	Шындық
4	Абляция - бұл мұздықтың жоғарғы жағындағы қардың жиналу процесі	Өтірік
5	Мұздық ағыны - мұздықтың аңғардан төмен жылжу процесі	Шындық
6	Қарлы дауылдар мұздықтар массасының ұлғаюына ықпал етеді	Өтірік

### В бөлімі. Ұлттық саябақтар

1. «Ұлттық саябақ» ұғымына анықтама беріңіз [1]

Ұлттық саябақ – қоршаған ортаны қорғау мақсатында адам әрекеті шектелген ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар

2. Ұлттық саябақтар мен қорықтардың 2 айырмашылығын жаз. [2]

	Ұлттық саябақтар	Қорықтар
1 айырмашылық		
2 айырмашылық		

Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар

Жауаптардың мысалы: Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар

1) Мақсаты:

Ұлттық саябақтар: табиғатты қорғайды және демалыс үшін қолайлы аумақ.

Қорықтар: Табиғатты сақтау үшін адам әрекетіне тыйым салынған.

2) Іс-шаралар:

Ұлттық саябақтар: туристік және білім беру іс-шараларына рұқсат береді.

Қорықтар: туризмге және басқа да табиғатты қорғау шараларына тыйым салу.

3) Аумақты басқару:

Ұлттық саябақтар: қыдыру және білім беру бағдарламалары үшін басқарылуы мүмкін.

Қорықтар: адамның әсерін шектейтін қатаң сақтау режимдеріне бағынады.

4) Биоәртүрлілік:

Ұлттық саябақтар: әртүрлі экожүйелер болуы мүмкін (соның ішінде адамдар әсер ететін).


Қорықтар: Табиғи орталар әдетте табиғи күйінде сақталады, биологиялық әртүрлілікті сақтауға ықпал етеді.

3. Дүние жүзіндегі ең алғаш ресми түрде құрылған ұлттық саябақ? [1]

Йеллоустоун ұлттық саябағы

4. Көрсетілген суреттер мен сипаттамаларға сүйене отырып, Қазақстанның ұлттық саябақтарының атауларын анықтаңыз. [6]





Батыс Тянь-Шань тауларында 2006 жылы ашылған саябақ 149 037 гектар аумақты алып жатыр. Мұнда сіз Қырық қыз жартастары сияқты туристік орындарды, сондай-ақ Мақпал мен Сусынген көлдерін қоса алғанда, бірегей табиғи көрікті жерлерді тамашалай аласыз.

Сайрам-  
Өгем

### С бөлімі. Демография

С1, С2 және С3 суреттері 2010 жылы үш түрлі елдің демографиялық пирамидаларын көрсетеді: Нигер, Бангладеш және Х елі. Демографиялық пирамидаларды зерттеп, сұрақтарға жауап беріңіз.

1.1. Нигердегі 0-4 жас аралығындағы әйел адамдардың санын есептеңіз

1 миллион адам

1.2. Бангладештегі 20-24 жас аралығындағы әйел адамдардың санын есептеңіз [0.5]

6 миллион адам

2. Үш елдің қайсысында 0 мен 30 жас аралығындағы халық ең көп? [1]

Бангладеш

3. Бангладеште бала тууды қадағалайтын үлкен бағдарлама бар.

3.1. С2 суретіндегі қандай деректер бұның әсері бар екенін көрсетеді? [1]

Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар

Келесі жауаптардың бірі:

Аз нәрестелер саны;

Кішкентай балалар аз;

Үлкен топтарға қарағанда 0-9 жас аралығындағы балалар аз, пирамиданың төменгі жағында жіңішке, содан кейін жоғарғы жағында кеңірек.

3.2. Бұл эффект қашан өз ықпалын көрсете бастады? [1]

5–13 жыл бұрын (2010 жылғы есеппен) / 1997–2005

4. Х елінің пирамидасы (С3 суреті) өте біркелкі емес пішінге ие, бұл әр жас тобының көрсеткіштерінің айтарлықтай өзгеретінін көрсетеді. Бұл айырмашылықтың 3 себепін көрсетіңіз. [3]

Көрсетілгендердің ішінде 3 себеп: аштық / соғыс / көші-қон / бэби бум / экономикалық ауытқулар / үкімет саясаты

5. Тәуелділік коэффициенті (k) - еңбекке қабілетті жастағы емес адамдар санының (балалар мен қарттар) еңбекке қабілетті жастағы (15-64 жас) адамдар санына қатынасы. Ол өнімсіз халықтың қоғамға түсетін жалпы ауыртпалығын өлшейді.

5.1. X елінің тәуелділік коэффициентін есептеңіз (С3 суреті) [1]

Формула:

$$k = n1/n2$$

n1 — количество граждан на исследуемой территории, не относящихся к трудоспособному населению, то есть пенсионеров и детей.

n2 — количество граждан на исследуемой территории, относящихся к трудоспособному населению.

$$k = n1 (18.8 +22) / n2 (84.1) \approx 0.485$$

±0,02 дәлсіздігі бар жауаптарға рұқсат етіледі (0,465-тен 0,505-ке дейінгі аралықта)

5.2. Тәуелділік коэффициенті елдің экономикалық бағалауында маңызды болып саналатын екі негізгі себеп қандай болуы мүмкін. [2]

Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар

Көрсетілген себептердің екеуі:

элеуметтік бағдарламаларды жоспарлау;

экономикалық жоспарлау;

элеуметтік қамсыздандыру жүйесінің тұрақтылығы;

ресурстарды бөлу;

еңбек нарығын болжау;

тұтынушылардың сұранысын бағалау;

салық саясатын қалыптастыру;

экономикалық өсуге әсері;

денсаулық сақтау жүйесін жоспарлау;

демографиялық қауіпсіздік;

көші-қон саясаты;

### *D бөлімі. Мангр ормандары*

#### D1 суреті. Мангрлар

1. Мангр ормандары дегеніміз не және олар әдетте планетаның қай жерінде орналасқан? [2]

1 ұпай: Мангр ормандары - бұл тосу мен қайтудағы тұзды суда өмір сүруге бейімделген ағаштар мен бұталардан тұратын экожүйе.

1 ұпай: Олар тропиктік және субтропикте жиі кездеседі, көбінесе жағалаудағы аудандарда.

2. Неліктен мангр ормандары «жасыл қабырғалар» деп аталады және олар жағалау сызығын эрозиядан қорғауда қандай рөл атқарады? [1]. Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар

Табиғи тосқауыл қызметін атқаратын, жел мен толқынның әсерін азайтатын, жағалау эрозиясын болдырмайтын тығыз өсімдіктер болғандықтан оларды «жасыл қабырғалар» деп атайды.

3. Жағалау аймақтарындағы мангр ағаштарының әртүрлі түрлері климат пен қоршаған ортаға қалай бейімделген? [1] **Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар**

Мангрлар судың өзгермелі деңгейі, құбылмалы тұздылық және топырақтағы оттегінің жетіспеушілігі жағдайында олардың өсуі мен өмір сүруін реттей алады, бұл олардың жағалаудағы экожүйеге бейімделуінің негізгі факторлары болып табылады.

4. Неліктен мангр ормандары көміртегі балансы үшін маңызды болып саналады және олардың жойылуы климатқа қалай әсер ететінін түсіндіріңіз. [2] **Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар**

1 ұпай: Мангр ормандары климаттың өзгеруімен күресуге көмектесетін көміртегінің көп мөлшерін сіңіреді.

1 ұпай: Олардың жойылуы атмосфераға көп мөлшерде көміртегі бөледі.

5. Мангр ормандары жергілікті шаруашылықтармен қалай әрекеттеседі? Жауабыңыздың дәйектеп көрсетіңіз. [2] **Ашық сұрақтарға балалардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, егер оқушының жауабы ресми жауаптан өзгеше болып сол мағынаны беретін болса, дұрыс жауап ретінде қабылдаңыздар**

Жауап үшін – 1 ұпай, толық дәйектеу үшін 1 ұпай

Мүмкін жауаптар:

1) Балық аулау:

Мангр ормандары балықтар үшін маңызды өсіру және өсіру ортасын қамтамасыз етеді. Бұл жергілікті халықты азық-түлікпен қамтамасыз етеді және экономиканың негізгі саласы ретінде балық аулауды қолдайды.

2) Туризм:

Мангр ормандары туристерді тартады, туристік қызметтер, мейрамханалар мен қолөнер арқылы жергілікті қауымдастықтарға әлеуетті кіріс көздерін жасайды.

3) Ағаш өңдеу және өнеркәсіп:

Мангр ағаштары жергілікті өнеркәсіптік қажеттіліктер үшін ағаш және басқа да ресурстарды қамтамасыз етеді. Дегенмен, орманды тұрақты басқару ормандардың жойылуын болдырмаудың маңызды аспектісі болып табылады.

4) Жағалауды қорғау:

Мангр ормандары жағалау эрозиясының алдын алу және табиғи апаттардың әсерін азайту үшін табиғи кедергілер ретінде қызмет етеді. Бұл жергілікті қауымдастықтар мен олардың экономикасын дауыл мен басқа да табиғи апаттардан қорғауды қамтамасыз етеді.

5) Білім беру және қоршаған ортаны қорғау:

Мангрмен байланысты білім беру және қоршаған ортаны қорғау бағдарламалары аймақтағы білім беруді жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауға көмектеседі.

6. Мангр ормандарына қандай жаһандық қауіптер бар? Екеуін атаңыз. [2]

Төмендегілердің ішіндегі 2 ықтимал жауап:

Жағалау аймақтарын жоғалту;

Гидравликалық жобалар;

Теңіз деңгейінің өзгеруі;  
 Антропогендік ластану;  
 Жағалау аймақтарын дамыту;  
 Климаттың өзгеруі;  
 Ағашты заңсыз кесу және өндіру;  
 Аквакультура және балық шаруашылығы.

*Е бөлімі. Шекаралық астаналар*

Сізге берілген сипаттамаларға сүйене отырып, шекаралық астаналарды анықтауыңыз керек. Астана қай елдің астанасы екенін көрсетіңіз және осы астанамен шектесіп жатқан көрші мемлекетті атаңыз.

Астана	Орналасқан мемлекет	Шектесетін мемлекет	Сипаттама
Вьентьян	Лаос	Таиланд	Қала Меконг өзенінің солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан. Елорда француз сәулет өнерінің атмосферасын будда храмдарымен үйлестіреді. Қаланың атауы санскрит тілінен аударғанда «сандал қаласы» немесе «ай қаласы» дегенді білдіреді.
Браззавиль	Конго Республикасы	Конго Демократиялық Республикасы	Қала Конго өзенінің оң жағалауында, басқа елдің астанасына қарама-қарсы орналасқан. Бұл әлемдегі екі астана бір-біріне жақын орналасқан жалғыз орын (Ватикан мен Мальта орденін қоспағанда).
Асунсьон	Парагвай	Аргентина	Қала елдің батыс бөлігінде, Парагвай өзенінің жазық сол жағалауында, Пилкомай өзенінің құятын жерінде орналасқан. Оны 1537 жылы испан жаулап алушылары Перуға барар жолында бекініс ретінде құрды.
Нджамена	Чад	Камерун	Елорда өз атауын араб тілінен аударғанда «тыныш орны, тыныштық» деген мағынаны білдіреді. Шари өзенінің жағасында орналасқан қала аймақтың көлік және сауда инфрақұрылымында маңызды рөл атқарады.
Братислава	Словакия	Аустрия, Венгрия	Астана Дунай өзенінің бойында, Кіші Карпат тауларының етегінде, екі мемлекет шекарасына жақын орналасқан. Қала жүзімдіктермен қоршалған және көптеген серуендейтін ормандар мен велосипед жолдары бар.



Астананы анықтағаны үшін – 1 ұпай.

Орналасқан мемлекетті анықтағаны үшін – 0,5 балл.

Көрші елді анықтағаны үшін – 0,5 балл.

«Братислава» нұсқасында бір көрші елді немесе екі елді көрсеткенде, жауап дұрыс деп есептелсін